

Келісілді *Н. Мамф.*
«Кәусәр» жеке бөбекжай
әдіскері: Н.Б.Мәмбетова

Бекітетін:

«Қуан-Нұр» ЖАҚ-тың баспа бөбекжайының»

менгерушісі _____

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде 2023- 2024 оқу жылына арналған «Гүлдер» ересек тобының қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары

Қазақ тілі мұғалімі: Қуанова Л.М.

«Кәусәр» жеке бөбекжайы

«Гүлдер» ересек тобы

Балалардың жасы : 4 жас

Уақыты	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету;	сөздерді дұрыс айтады, олардың айтылуын тыңдайды; сөйлемдерді байланыстырып құрай алады;
Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Тілдің грамматикалық құрылымы: 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуге үйрету және сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруға жаттықтыру; Байланыстырып сөйлеу: шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау дағдыларын қалыптастыру	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айта алады; шағын тақпақтарды жатқа оқиды; өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтады;
Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор: заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; Байланыстырып сөйлеу: өзінің мекен-жайы, тұратын қаласы туралы айтуға үйрету; мақал-мәтелдер айтуға үйрету.	қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады;
Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: - мәдениет нышандарын қалыптастыру (амандасу, сәлемдесу) Сөздік қор: заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету;	затын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолданады; қысқа әңгімелердің мазмұнын қайталайды;

Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор:- ойын арқылы сөздік қорды молайту; - сөздік қорды монолог, диалог арқылы нығайту; - мемлекеттік тілде еркін сөйлеуге дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы:- қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, (түсіну және сөйлеу); Байланыстырып сөйлеу: -бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;	қазақ тіліне тән дыбыстарынды ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дұрыс атайды; барлық әрекеттерді, заттар мен құбылыстарды, олардың белгілері мен қасиеттерін атайды;
Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту; Сөздік қор: дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту; Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді, жай сөйлемдер құруды, 2-3 сөйлеммен жақын маңдағы заттарға, ойыншықтарға, жемістерге шағын сипаттама беруге үйрету;	қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды, заттар мен құбылыстардың белгілері мен сапасын ажыратады;
Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағыналарын түсіну (әке, ана, ата, әже, апа, аға т.б.) апта күндері мен ай атауларын, жыл мезгілдерінің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдер құрастыруға үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?); Байланыстырып сөйлеу: шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру.	күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздер мен кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, апта күндерінің, айлардың, жыл мезгілдерінің аттарын айтады және түсінеді;
Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту; Сөздік қор: дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту; Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру, диалогке қатысуға, затты 2-3 сөйлеммен сипаттауға үйрету;	қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; оқиғаны эмоционалды қабылдайды; суреттер бойынша таныс шығармаларды атайды, олар бойынша сұрақтарға жауап береді;

Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: күнделікті өмірде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету; Сөздік қор: күнделікті өмірде қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (ыдыс-жиһаз) атауларын білдіретін сөздерді, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын, ұлттық салт-дәстүрлер мен мерекелерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдер құрастыруға үйрету; Байланыстырып сөйлеу: диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	барлық әрекеттерді, заттар мен құбылыстарды, олардың белгілері мен қасиеттерін атайды; сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтайды;
--------------	---	---